21.11.2023ж күні 2-4 сынып жетекшілері оқушыларға «Күндей күлген анамның, баласы болып қаламын!» оқушылар арасында бақытты балалық шақ бейнеленген суреттер байқауы болып өтті, оқушылар белсене қатысып түрлі суреттер салды.

22.11.2023ж күні мектептің қазақ тілі пән мұғалімі М. Асаналиева «Бала құқығы – асыл қазына» 5-8 сынып оқушылары арасында эссе байқауын өткізді.

22.11.2023ж күні ДТДЖО: және мобильді топ болып «Түнгі қаладағы балалар» мектептің ішінен құрылған мобильді топпен рейдтік іс –шара жасалды, кәмелетке толмаған оқушылар кешкі уақытта көшеге шықпауын қадағалап.

23.11.23ж күні мектептің қол өнер үйірме жетекшісі: А. Абдирахманова мен әлеуметтік педогог Г. Қалмуратовалар болып «Балалар игілігі үшін» жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары тәрбиеленушілердің арасында қол өнер бұйымдарының жәрмеңкесін өткізе отырып, қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Онда үйде оқытылатын оқушыларға және ата ана қамқорлығынсыз қалған оқушылардың көңілдерін көтеру мақсатында сыйлықтар жасалынды.

23.11.2023ж тарих пән мұғалімі А. Ускенбаева «Тегін білген текті елдің ұрпағымыз!» атты тақырыпта 8-9 сынып оқушыларына этно –мәдени сайыс сабақ өткізді, онда оқушыларымыз қазақтың ұлттық құндылықтарын құрметтеп өздерінің жеті аталарын дәріптеп өте қызықты сабақ өткізілді.

24.11.2023ж күні мектептегі дене шынықтыру пән мұғалімі Р. Юнусов «Мен бақытты баламын!» тақырыбында 2-4 сынып оқушылармен отбасылық спорт жарысын ұйымдастырды.

24.11.2023ж күні мектебіміздің қазақ тілі пән мұғалімі «Мен және менің құқығым» атты тақырыпта 10 сынып оқушыларына дөңгелек үстел пікірсайысын өткізді, онда оқушылар белсене қатысып өз ойларын ортаға салып қызықты пікірсайыс болды.

24.11.2023ж күні қазақ тілі пән мұғалімі Ж. Ережепова «Менің құқықтарым!» тақырыбында 5 сынып оқушыларына викториналық сабақ

өткізді, оқушыларымыз өздерінің құқықтары туралы толық мағлұматқа ие болып көптеген қызықты мәліметтер мен бөлісті осы «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні» бойынша онкүндік те атқарылған жұмыстарды өткізіп әлеуметтік желіге мектеп парақшасына салынып отырды

ДТДЖО:

Е. Абубакиров

Әлеуметтік педогог:

Г. Қалмуратова

Педогог ұйымдастырушы:

Э. Арыстанова

**№ 7 жалпы орта мектебінде коммуналдық мемлекеттік мекемесінде республикалық бірінгай «тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында «Асық ату» челленджи бойынша атқарылған жұмыстар туралы**

#### **Анықтама**

Келес ауданы білім бөліміне қарасты № 7 жалпы орта білім беретін мектебінде 8-10 сынып оқушылары арасында «Алтын сақа» республикалық бірінгай «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жобасы аясында сағат 12:00 де «Асық ату» және «Бес асық»

ұлттық ойындары ойнатылды ойынды мектебіміздің дене шынықтыру пән бірлестігі ұйымдастырып спорт зал алаңында өткізді, соның ішінде Юнусов Рустам ағай оқушыларға ұлттық ойын туралы қызықты мағлұматтар беріп асық ойнаудың негізгі шарттарын түсіндірді

Мақсатымыз: білімділік ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, бабаларымыздың ойыны туралы түсінік беріп

қызығушылығын ояту және балаларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу қазақ халқының брендтерін сақтап әлемдік деңгейдегі спорттық ойындар қатарына қостыруға ой тугызу болды

«Асық ату» ойынын оқушылар қызыға және белсене қатысып ойнады «Бес асық» ойынын қыздар ұлттық киімдері мен шеңбер болып отырып ойнап бұрынғы ұлттық ойынды еске алып жаңғыртты.

Оқушылар жалпы осындай ұлттық ойындар көптеп өткізілсе екен деген ойлары мен бөлісті.

ДТДЖО: Е. Абубакиров

Педагог ұйымдастырушы: Э. Арыстанова

Тәлімгер : Ү. Абдуллаева

## Мәлімет

Мұғалімдер күні мерекесін мерекелеу мәртебесін арттыру туралы Келес ауданының білім бөлімінің 2023 жыл 21 қыркүйек күнгі № 172-н/к бұйрығына сәйкес бірқатар іс- шаралар атқарылды.

29.09 күні «**Мұғалім болу мәртебе**» деген тақырыпта, мектептің ресми сайтына, фейзбук парақшасына мектеп әкімшілігі болып мақала жарияланды сонымен қатар

Мектеп фәссіне және АКТ залына «**Сапалы білім – еліміздің негізгі құндылығы**» деген тақырыпта бірінғай идеялық мазмұнда кабырға газеттері мен беннерлер ілінді.

02.10 күні «**Мұғалімді ұлықтау**» тақырыбында 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «**Ұстазым менің ұстазым**» атты кеш өткізілді, кешіміз өте қызықты өтті, оқушылардың ұстаздарына деген сый құрметіне бөленіп мың бұралып би билеп , сызылтып ән шырқап тамаша қойылымдар қойды.

04.10 күні өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері мен жоғары сынып оқушылары дублер күніне арнап, видео түсірілім жасап, дублер болған ұстазының сабағына кіріп, өз дәрежесінде орындап шықты.

04.10 күні мектеп оқушылары мұғалімдер мерекесіне орай үш тілділік бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен «**Ұстазым менің ұстазым**» атты өлең оқу сайысы өткізілді, оқушылар үш тіл бойынша ұстаздарына арнап тілектерін өлеңмен жеткізді.

05.10 күні Мұғалімдер күні мерекесіне арналған апталық жоспар бойынша 10 «ә» сынып жетекшісі Әлия Уканова оқушыларымен «**Білім және өмір нұрын кім сыйлады?**» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстел тақырыбын өмірден алынған тәжірибелік тренингпен анықтады, 10 «ә» сынып оқушылары шынайы өз ойларын ата анаға деген ұстаздарға деген ой пікірлерін ортаға салып, соңында аналарына арнап хормен ән шырқады. Бұл дөңгелек үстелге ата аналар да келіп қатысты.

06.10 Мектебімізде Утеулнева Еркінай апайымызға арнап «**Ұлағатты ұстаз**» тақырыбында мектепшілік қабырға газеті шығарылып ілінді және ол ұстазымызға арнап тілектер жазылды.

9.10 күні «**Жалынды жас маман**» мектептегі жас мұғалімдер мен кездесу өткізілді сонымен қатар «**Ұстазы жақсының ұстамы жақсы**» тақырыбында кездесу кеші ұйымдастырылды.

09.10 күні Мектеп оқушылары «**Біз сіздерді ұмытпаймыз**» тақырыбында оқушылардың педогогикалық еңбек ардагерлерімен кездесуі ұйымдастырылды. Ардагер ұстаздарға ән шырқап, мың бұрала би билеп көңіл көтеріп, гүл шоқтарын сыйлап шығарып салды.

ДТДЖО:

Г. Тагаева

Педагог Ұйымдастырушы:

Э. Арыстанова

Мектеп тәлімгері:

Ұ. Абдуллаева

**№ 7 жалпы орта мектебіндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде  
«Денсаулық – 2023 фестивалі» бойынша атқарылған жұмыстар туралы**

**Мәлімет**

18.09 күні № 7 жалпы орта мектеп білім алушылары «Денсаулық- 2023 фестивалі» тақырыбында ауқымды шара болып өтті, 1-11 сынып оқушылары арасында түрлі спорттық іс –шаралар ұйымдастырылды, ең қызықты және пайдалы іс- шаралардың бірі болды.

Мақсаты: білім алушылардың бойында салауатты өмір салтын дағдыларын қалыптастыру, ағзаның дұрыс қалыптасуы мен жан жақты дамуына ықпал ету. Спорттық іс –шараның ұйымдастыруына және өткізуіне дене шынықтыру пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, медбикелері, бекітілді. Бағдарлама барысында мектеп оқушылары өздерінің спорттық би өнерлерін көрсетті. Мұндай іс- шаралар білім алушыларға денсаулықтың бақытты және табысты екенін жақсы түсіну үшін өткізілді. Өйткені дене шынықтыру мен спорт салауатты өмір салты- ұлт денсаулығының кілті.

ДТЖО:

Е. Абубакиров

Педагог ұйымдастырушы:

Э. Арыстанова

Аға тәлімгер:

Ү. Абдуллаева

**№ 7 жалпы орта мектебіндегі коммуналдық мемлекеттік  
мекемесінде Мұғалімдер күні мерекесіне орай «Дублер»  
күнінде атқарылған жұмыстар туралы**

**Мәлімет**

Келес ауданының білім бөлімінің тапсырмасына сәйкес мектебімізде мұғалімдер күні мерекесіне орай, Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Дублер» күніне біқатар жұмыстар өткізілді.

Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің орнына II сынып оқушылар әрқасысы бір мұғалім орнына дублер болып сол мұғалім болып міндетін атқаруға көмек қолын созып сабақтарын өтіп берді.

Мектеп директорын міндетін қоса атқарушы: Гулмира Утебаева апайдың дублері II «ә» сынып оқушысы Керимова Шолпан және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ерлан Абубакировтың дублері II «ә» сынып оқушысы Бақытханов Алихан болды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Бекбаева Замираның дублері II «ә» сынып оқушысы Нурмат Гулмерей болды және директодың бейіндік



ісі жөніндегі орынбасары Роза Айтбаеваның дублері 10 «а» сынып оқушысы Амангельді Динара болды.

Педагог ұйымдастырушы Арыстанова Эльмираның дублері 11 «ә» сынып оқушысы Есберді Балауса мектеп тәлімгері Абдуллаева Ұлжанның дублері 11 «ә» сынып оқушысы Серікбаева Ажар болды және де осы сияқты бірқатар оқушылар тағы да басқа мұғалімдерге дублерлік жасап сый құрмет көрсетіп « Ұстазыма мың – алғыс» тақырыбында мерекелік іс –шаралар ұйымдастырып ұстаздарына деген ілтипатын көрсете білді.

ДТДЖО: Е. Абубакиров

Педагог ұйымдастырушы: Э. Арыстанова

Мектеп тәлімгері: Ұ. Абдуллаева

**№ 7 жалпы орта мектебіндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Жаңа күн, жаңа Қазақстан» тақырыбында өткізілген дебат туралы**

**Мәлімет**

Келес ауданы білім бөлімінің тапсырмасы бойынша Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Үшқыр ой алаңы» мектеп оқушылар арасында мектепшілік пікірсайыс 10 «а» сынып жетекшісі Уканова Алия апай оқушыларына «Жаңа күн, Жаңа Қазақстан» тақырыбында пікірсайыс өткізді.

Пікірсай мақсаты: оқушылардың арасында мектептік пікірсайыс «дебат» қозғалысты дамыту және насихаттау, мектептегі пікірсайыс қозғалысты дамыту және қолдау.

Пікірсайыс міндеттері: білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнерін дағдыларын және сендіру

әдістерін қалыптастыру, зияткерлік шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын дамыту.

Онда оқушылар Оппозиция мен Үкімет болып екі топқа бөлініп, «Жаңа күн, Жаңа Қазақстан» тақырыбын екі жақты талқылап өз ойларын ашық білдіре отырып Қазақстанның болашағына көркейуіне келешегіне өз үлестерін қосатындарын білдірді.

«Жаңа күн, Жаңа Қазақстан» тақырыбында болып өткен дебат пікірсайыс өте қызықты болды, бір-біріне сұрақтар қойып, қойған сұрақтары өте ауқымды сұрақтар тамаша сыйластықпен жауап беріп өз-өздерін ортада ұстауы мәдениетті сөз саптаулары да өте жақсы дайындалған

ДТІЖО: Е. Абубакиров

Педогог ұйымдастырушы: Э. Арыстанова

Мектеп тәлімгері: Ұ. Абдуллаева

**№7 жалпы орта мектебіндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 25 қазан Республика күніне орай «Қыран -Елім Қазақстаным» тақырыбында өткізілген жұмыстар туралы**

### **Мәлімет**

Мектебімізде 25 қазан Республика күні мерекесіне орай Ұлттық тәрбие бағыты бойынша Мерекелік іс- шараларды өткізу барысында мектептің кіре беріс фасадинде «Республика күнінің» логотипін пайдаланып баннер ілінді сонымен қатар 24.10 күні Республика күніне орай 1-11 сынып оқушылары арасында «Қазақстаным туган елім ұлы өлкем» тақырыбында іс- шара ұйымдастырылды

24-25 қазан күндері әлеуметтік желіде мектеп парақшасында оқушылары мен мұғалімдердің құтықтауларын мектепшілік әнұранды орындау челленджі жарияланды.

24 қазан күні мектепте оқушылардың сапалы білім алуына үйлесімді дамуына, тәрбиесіне елеулі үлес қосқан ата –аналар мен мұғалімдерді марапаттау болып өтті.

16-25 қазан күндері аралығында Жалпыұлттық «Қыран елім-Қазақстан» патриоттық акциясын ұйымдастыру «Мемлекеттік Гимнді орындау

Әнұранды әр сынып «Қыран елім Қазақстан» тақырыбымен құттықтап келесі сыныпқа жолдап, және патриоттық шығармаларды декламациялау туды орналастыру бойынша жаппай флешмоб ұйымдастырылды сонымен қатар мектеп кітапханаларында патриоттық кештер және кітап көрмелері ұйымдастырылып дөңгелек үстел мен танымдық сағаттар мерекелік іс-шараға байланысты өткізілді.

24 қазан күні «Жаңа Қазақстан Таза Табиғат» акциясы бойынша мектеп аулаларын балалар ойнайтын алаңдарды тазалау жұмыстары бұқаралық сенбіліктер өткізілді.

Түрлі этностары арасында патриоттық челленджер сериясын ұйымдастырылды және сонымен қатар Әнімдерді, ойын сауық іс-шаралар билеттерді және т/б тегін таратумен болған резонанстық оқиғалар үлгісінде теріс дүрбелең туғызатын және мерекенің беделін түсіретін іс-шараларды өткізуге үзілді кесілді жол бермеуге қатысты бақылауды күшейтіп қолға алынды

Жоспар бойынша өткізілген іс-шаралар жұмыстары әлеуметтік желіге фейзбукке мектеп парақшасына салынды.

Педогог ұйымдастырушы: Э. Арыстанова

Мектеп тәлімгері: Ұ. Абдуллаева

**№7 жалпы орта мектебіндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 26 қазан күні «Арайлы алтын күз» сайысының өткізілгені туралы**

**Мәлімет**

2023 жылдың 26 қазан күні Тоғыз айға тоғыз іс-шара атты «Арайлы алтын күз» сайысы 8-10 сынып арасында өткізілді. Өткілген орыны спорт залы талапқа сай безендірілді. 8-10 сынып арасынынан әр сыныптан 1 қыз қатысты, сайысқа қатысқан қыздарымыз барлығы өздерінің білімділігімен шеберлігімен ортада өз өнерлерін көрсетіп көзге түсті

**№ 7 жалпы орта мектебіндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде республикалық «Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн» науқан іс-шара жоспары бойынша атқарылған жұмыстар туралы**

**Мәлімет**

Мектеп әкімшілігі бірлесе отырып 29.11.2023ж күні «Зорлық- зомбылыққа қарсы 16 күн» атты акциясы аясында атқарылатын іс –шаралар жоспарын түзу және оны бекіту жиналысы болып өтті.

30.11.2023ж Мектепте жастар өкілдерінің қатысуымен 9-10 сынып оқушылары арасында «Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз» деген ұранмен флешмобтар және креативті іс-шаралар ұйымдастырылды, оқушылар да белсене қатысты, сонымен қатар

4.12.2023ж күні Мектебімізде балаларға қатысты зорлық –зомбылық әрекеттерінің профилактикасы бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша 9-11 сыны оқушылары арасында кеңес өткізілді. Онда бала құқықтары мен зорлық зомбылыққа қарсы әрекеттерге жол бермеу мақсатында, кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

5.12.2023ж күні Мектебімізде тарих бірлестігі мұғалімдері ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында «Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбында талқылау өткізілді.

6.12.2023ж күні Мектеп психологі Ш.Қалтаева ұйымдастыруымен « Бақытты отбасы балалар көзімен» тақырыбында мектеп оқушылары арасында шығармалар байқауы, семинар –тренингтер ұйымдастырылды.

7.12.23ж күні Мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер « Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

8.12.23ж күні Бастауыш бірлестігінің ұйымдастыруымен « Зорлық- зомбылықтың алдын алу, Отбасы , мектеп, қоғам мәселесі» атты семинар

өткізді, онда ата –аналармен отбасындағы құндылықтар жайлы кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, түрлі тренингтер ұйымдастырылды.

11.12.23ж Қазақ тілі бірлестігімен біргелікте 10 сынып оқушылары арасында «Зорлық- зомбылытан қорғау- ардың ісі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Онда оқушылар бала құқығы мен зорлық зомбылықтың алдын алу туралы өз ойларын ортаға салып ауқымды тақырыпты талқылады.

12.12.23ж Мектебімізде «Отбасының берекесі- үйлесімділікте» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларына өз сынып жетекшілері лекция оқыды.

13.12.23ж педогог психологтары Ш. Қалтаева мен А. Шойғараевалар «Зорлық- зомбылықсыз өмір» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды.

14.12.23ж Мектеп әкімшілігі болып Жастар ұйымдары, волонтерлар, үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында кездесулер ұйымдастырылды, және өткізілген барлық іс-шаралар мектеп парақшасына фейзбукке жарияланып отырды.

15.12.23ж Мектеп әкімшілігі, мектепішілік бастапқы медико-санитарлық көмек көрсету ұйымдарында әйелдер мен балаларға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын алу мақсатында « Ашық есік» күндерін ұйымдастырды.

20.12.23ж Отбасы құндылықтарын насихаттау бағытында мектебіміздің дене шынықтыру пән мұғалімдері « Мен және менің отбасым» Әкем ,Анам және мен тақырыбында спорттық жарыстар ұйымдастырды.

21.12.23ж Қазақ тілі пән мұғалімі А.Уканова кәсіби медиаторлар мен зиялы қауым өкілдерін, ардагерлер мен үлгілі отбасыларды тарта отырып « Елдің бірлігі – отбасының татулығынан басталады» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

25.12.23ж 5-11 сынып жетекшілер «Тұрмыстық зорлық – зомбылық қоғам кеселі» тақырыбында лекция өткізілді.

26.12.23ж Мектеп әкімшілігі мен біргелікте өткізілген іс- шаралар БАҚ- да әлеуметтік желілерге кеңінен жариялап және атқарылған жұмыстар туралы мәліметті білім бөліміне ұсынылды.

ДТІЖО: Е. Абубакиров  
Педагог ұйымдастырушы: Э. Арыстанова  
Тәлімгер: Ұ. Абдуллаева

**№7 жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қош келдің –әз Наурыз» мейрамын мерекелеуге арналған іс –шаралар жоспары бойынша атқаралған жұмыстар туралы**

**Мәлімет**

№7 жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қош келдің –әз Наурыз» атты мерекелік онкүндік іс- шараға байланысты бірқатар жұмыстар атқарылды

14.03.24ж күні «Көрісу күні –амал мерекесі» тойлау мақсатында Мектеп қызметкерлері мен білім алушылыр мектеп фоссінде көрісіп оқушылар арасында челлендж жолданды.

14.03.24ж күні «Қайырымдылық» күні Өзін –өзі басқару ұйымының тобы жалғызілікті қарттың үйіне барып, үй шаруашылығына көмектесіп азық түлікпен қуантып қайырымдылық қолын созды.Бастауыш сыныптар арасында «Асық пати» «Бауырсақ пати» кештерін заманауи форматта өткізілді.

15.03.24ж күні «**Наурыз мейірімділік мерекесі**» қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымы мен мектеп оқушылары арасында «Аға ұрпақты қастерлейік» акциясы аясында ардагерлерді мектепке шақырып мерекелік концерт ұйымдастырылды, келген қонақтар мерекелік концерт тамашалап көтеріңкі көңіл күймен оқушылар мен ұйымдастырушы ұстаздарға алғыстарын айтып тарқады.

18.03.24ж күні «**Ұлттық киімдер күні**» Мектеп әкімшілігінен бастап барлық ұстаздар мен оқушылар қазақтың ұлттық нақышта тігілген киімдерін киіп, ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында, Ұлттық киім кию челленджін ұйымдастырды.

18.03.24ж күні «**Наурыз тәрбиенің бастауы**» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында «Ынтымағы жарасқан Қазақстан» атты шығармашылық эссе алынып оны ұзақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдері тексеріп ең жақсы жазған оқушылар мектеп директоры тарапынан марапатталды.

19.03.24ж күні «**Мәдениет және ұлттық салт дәстүр**» күніне байланысты сахналық көріністер мен ұлттық салт дәстүр қойылымдары қойылып ұйымдастырылды, онда оқушылар ұлттық құндылығымызды алға тарта отырып оны қадірлеуге, құрметтеуге, ұлттық салт дәстүрлерімізді жаңғыртуға атсалысты.

19.03.24ж күні «**Наурыз жаңару мен жаңғырудың, татулықтың бастауы**» Ұлт өкілдері арасында татулықты нығайту мақсатында этнос жастарының онлайн құтықтаулары мектебіміздің 9 «в» сынып оқушысы Рустемов Салахаддин өзбек ұлт өкілі болып барша қазақ елін Наурыз мерекесімен құттықтап сәлемін жолдады және мектеп ауласына басшылардың қатысуымен ағаштар отырғызылып жаңару іс-шарасы болып өтті.

20.03.24ж күні «**Жыл басы мерекесі**» Мектеп ауласына киіз үйлер тігіп әр сынып оқушылары ұлттық тағамдармен дастархан жайып ән жырымызды арнап жыл басы мерекесі атап өткізілді.

20.03.24ж күні «**Наурыз тазалықтың айнасы**» күні Барлық сыныптар өз кабинеттерінің шкаф сөрелерін, терезелерін алдындағы гүлдерін суғарып тазалау жұмыстарын жүргізді.



ДТДЖО:	Г. Тагасва
Педагог ұйымдастырушы:	Э. Арыстаноава
Тәлімгер :	Ұ. Абдуллаева

### **№7 жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылындағы III тоқсандағы атқарылған жұмыстары**

№7 жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бір тұтас тәрбие бағытында бір қатар жұмыстар атқарылды. III тоқсандағы жұмыстарды атап айтар болсақ:

Қаңтар айында қаржылық сауаттылық негіздері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қаржылық сауаттылық негіздері және интернет-алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптілігі жөнінде тәрбие сағаттар өтілді. Қаржылық сауаттылық негіздері және интернет-алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптілігі жөнінде ата-аналар жиналысы өткізілді. «Қыз тәрбиесі ұлт тәрбиесі» тақырыбында мектеп оқушы қыздарына және ата-аналарына бейне ролик көрсетілді.

Ақпан айында бір тұтас тәрбие бағыты аясында «ДОС БОЛАЙЫҚ» акциясына жоспарлар жасалынып бекітілді. 17.01.2024ж күні «ДОСБӨЛЛІК: достық қолын ұсын» акциясы аясында 8-11 сынып оқушылары арасында саптық жиын болып өтті. Оқушыларға алдағы күні атқарылатын жоспарлармен таныстырды. Мектеп президенті Кадиров Руслан сөз алып ДОСБӨЛЛІК: достық қолын ұсын» акциясына белсене қатысатынын, жауапкершілікпен жұмыстар атқаратынын айтты.

18-19. 01.2024ж күні «Көтеріңкі көңіл күй» сыйлау мақсатында Шын жүректен тілек айту ұйымдастырылды. 11 сынып оқушылары белсене қатысты.

Мектебімізде ДОСБОЛЛІК: достық қолын ұсын» акциясы аясында «Бауырсақ пати» 9-11 сыныптар арасында ұйымдастырылды. Оқушылар бауырсақ пісіріп әкеліп, мақал- мәтел жалғастыру арқылы ұстаздарға оқушыларға бауырсақ тарқатып жақсы көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Фейзбук парақшасына жарияланды.

22.01.2024ж «Біз доспыз» челенджін ұйымдастырылды. 7 сыныптар бір бірлеріне видеоролик арқылы «Біз доспыз» челенджін жолдады. Біз доспыз» челенджін мақсаттарын түсіндіріп бірге мәңгілікке айырылмас дос екендіктерін дәлелдеді. Фейзбук парақшасына жарияланды.

23.01.2024ж күні « Шығармашылық ынтымақтастық » ұйымдастыру мақсатында 4-9 сыныптар арасында «Көңілді сурет» сайысы болып өтті. Оқушылар көтеріңкі көңіл күйде Көңілді суреттер салды. Еңүздік салған оқушыларымыз марапатталды. Фейзбук парақшасына жарияланды. ДОСБОЛЛІК: достық қолын ұсын» акциясы аясында «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен «Дос болайық бәріміз» атты концерт ұйымдастырылды. Оқушылар ән билерін билеп өнерлерін көрсетті. 9 «б» сынып оқушылары концерт барысында Б.Сокпақбаев "«Менің атым Қожа» қойылымын қойып берді.

29.01.2024ж күні «Достың да досы бар» тақырыпта Уканова Алия апайымыз пікірталас өткізді. Оқушылардың достық қарымқатынасын нығайту мақсатында түрлі сұрақтар қойды. Әр бір оқушы Нағыз дос қандай болу керектігін білді. Хаттарға жауап беру арқылы ойындар ұйымдастырып пікірлер айтылды.

30.01.2024 ж күні «Дос деген кім?» тақырыбында 3-4 сыныптар арасында шығарма жазды. Әрбір оқушы дос деген кім екенін білу мақсатында

31.01.2024ж Мектебіміздің дене шынықтыру пән мұғалімдері «Спорттағы достық» тақырыбында 8-10 сынып оқушылары мен Футбол ұлдар арасында ұйымдастырды оқушылар белсенді ойын ойнап жоғары нәтиже көрсете білді.

Сонымен қатар 01.02.2024ж күні Өзін өзі басқару ұйымының спорт фракция мүшелерінің ұйымдастыруымен 9-10 сынып қыздары арасында Волейбол ойынын өткізді. Өткізудегі мақсатымыз оқушылар бір біріне деген достықтары адал болсын деген мақсатпен ұйымдастырылды.

07.02.2024ж күні Мектебіміздің өзі өзі басқару ұйымының фракция мүшелері өздері оқитын барлық сыныптарға тазалық жұмыстарын жүргізді

және оны басқа кішкентай сыныптарға үлгі ретінде видео ролик жасап әлеуметтік желіге мектеп парақшасына жариялады.

Наурыз айында келес ауданының білім бөлімі 01.02.2024 жылғы № 25/635 санды хатына сәйкес, «1 наурыз Алғыс айту күні» мерекесіне жоспар жасалып мектебімізде бірқатар іс-шаралар болып өтті.

08.02 күні Мектеп әкімшілігі мен бірлесіп 1 наурыз –алғыс айту күні мерекесіне арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

23.02 күні Тарих пәні мұғалімі Асия Қарибаева 10 сынып оқушылары мен «Тарих ғибраты» атты тақырыбында дөңгелек үстел отырысын өткізді онда оқушылар көптеген мәліметтер алып қазіргі заман тарихынан ғибрат алып мақсатқа жетті.

24.02. күні педагог ұйымдастырушы өзін –өзі басқару ұйымының фракция мүшелеріне «Туған жерім –жүрегімде» тақырыбында құтықтаулар жасап оны әлеуметтік желіге фейзбукке мектеп парақшасына салынды.

24.02 күні Әлеуметтік педагог Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қайырымдылық керуені» республикалық акциясы аясында « Қоржын» тақырыбымен қайырымдылық шаралары өткізілді.

26.02 күні Қазақ тілі бірлестігі « Алғыс айту – парызым» тақырыбында мектеп оқушылары арасында эссе жазу байқауы ұйымдастырылды.

27.02 Мектеп кітапханашысы Ж. Муслимова Этностар туралыкітап , фотосуреттер көрмелерін ұйымдастырды.

28.02 күні Мектеп әкімшілігі «Достық үйінің» тақырыбында әр бірлестіктер арасында этномәдени бірлестіктердің дәм ұсынуы болып өтті.

29.02 күні Дене шынықтыру бірлестігі мұғалімдері Тажиханов Құттыбек пен Юнусов Рустам ағайлар Қазақтың ұлттық ойындарынан «Асық ату, тоғызқұмалақ, т/б» ойындарынан сайыс өткізді оқушылар өте белсенді түрде қатысып қызықты ойын болды.

29.02 күні Мектеп оқушылары арасында « Халықтың алғысы- Ұлы марапат» тақырыбында мерекелік кеш концерттік іс-шара ұйымдастырылды.

02.03 күні Мектеп ұжымы болып жаппай Тазалық ағаш көшеттерін отырғызу, абаттандыру жұмыстарын жүргізілді.

02.03 күні «Алғыс айту» күніне арналған іс-шаралар өткізіліп барлығы әлеуметтік желіге салынды.

№7 жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Қош келдің –әз Наурыз» атты мерекелік онкүндік іс- шараға байланысты бірқатар жұмыстар атқарылды

14.03.24ж күні «**Көрісу күні –амал мерекесі**» тойлау мақсатында Мектеп қызметкерлері мен білім алушылар мектеп фойесінде көрісіп оқушылар арасында челлендж жолданды.

14.03.24ж күні «**Қайырымдылық**» күні Өзін –өзі басқару ұйымының тобы жалғыздікті қарттың үйіне барып, үй шаруашылығына көмектесіп азық түлікпен қуантып қайырымдылық қолын созды.Бастауыш сыныптар арасында «Асық пати» «Бауырсақ пати» кештерін заманауи форматта өткізілді.

15.03.24ж күні «**Наурыз мейірімділік мерекесі**» қарсаңында өзін-өзі басқару ұйымы мен мектеп оқушылары арасында «Аға ұрпақты қастерлейік» акциясы аясында ардагерлерді мектепке шақырып мерекелік концерт ұйымдастырылды, келген қонақтар мерекелік концерт тамашалап көтеріңкі көңіл күймен оқушылар мен ұйымдастырушы ұстаздарға алғыстарын айтып тарқалды.

18.03.24ж күні «**Ұлттық киімдер күні**» Мектеп әкімшілігінен бастап барлық ұстаздар мен оқушылар қазақтың ұлттық нақышта тігілген киімдерін киіп, ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында, Ұлттық киім кию челленджін ұйымдастырды.

18.03.24ж күні «**Наурыз тәрбиенің бастауы**» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында «Ынтымағы жарасқан Қазақстан» атты шығармашылық эссе алынып оны ұзақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдері тексеріп ең жақсы жазған оқушылар мектеп директоры тарапынан марапатталды.

19.03.24ж күні «**Мәдениет және ұлттық салт дәстүр**» күніне байланысты сахналық көріністер мен ұлттық салт дәстүр қойылымдары қойылып ұйымдастырылды, онда оқушылар ұлттық құндылығымызды алға тарта отырып оны қадірлеуге, құрметтеуге, ұлттық салт дәстүрлерімізді жаңғыртуға атсалысты.

19.03.24ж күні «**Наурыз жаңару мен жаңғырудың, татулықтың бастауы**» Ұлт өкілдері арасында татулықты нығайту мақсатында этнос жастарының онлайн құтықтаулары мектебіміздің 9 «в» сынып оқушысы Рустемов Салахаддин өзбек ұлт өкілі болып барша қазақ елін Наурыз мерекесімен

құттықтап сәлемін жолдады және мектеп ауласына басшылардың қатысуымен ағаштар отырғызылып жаңару іс-шарасы болып өтті.

20.03.24ж күні «**Жыл басы мерекесі**» Мектеп ауласына киіз үйлер тігіп әр сынып оқушылары ұлттық тағамдармен дастархан жайып ән жырымызды арнап жыл басы мерекесі атап өткізілді.

20.03.24ж күні «**Наурыз тазалықтың айнасы**» күні Барлық сыныптар өз кабинеттерінің шкаф сөрелерін, терезелерін алдындағы гүлдерін суғарып тазалау жұмыстарын жүргізді.

Өткізілген барлық іс-шаралар фейзбук парақшасына жарияланды.